

Мұсахан Нүркен Парсаханұлының «Мектеп физика курсында энергияны пәнаралық байланыстар негізінде оқытудың әдістемесі» тақырыбында 8D01503 – «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Мұсахан Нүркен Парсаханұлының «Мектеп физика курсында энергияны пәнаралық байланыстар негізінде оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысы жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында жоғары ғылыми-әдістемелік маңыздылығымен ерекшеленеді.

Зерттеудің мақсаты – энергия ұғымын мектеп физика курсында пәнаралық байланыстар негізінде оқытудың тиімді әдістемесін теориялық тұрғыдан негіздеу, оны тәжірибеде сынақтан өткізу және оқу үдерісіндегі нәтижелілігін дәлелдеу болып табылады. Ізденуші зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге терең талдау жасап, заманауи педагогикалық тұжырымдамаларды ұтымды пайдаланған.

Диссертациялық жұмыста энергияны оқытудың пәнаралық әлеуеті жан-жақты ашылып, физикалық заңдылықтардың басқа жаратылыстану пәндерімен байланысы нақты оқу тапсырмалары мен STEM бағытындағы жобалар арқылы көрсетілген. Бұл тәсіл оқушылардың энергия туралы білімін өмірлік жағдаяттармен байланыстыра меңгеруіне мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы жоғары: әзірленген әдістемелік ұсынымдар мен тапсырмалар жүйесі мектептің оқу үдерісінде, факультативтік және үйірме сабақтарында қолдануға жарамды.

Зерттеу нәтижелері ғылыми қауымдастықта кеңінен апробациядан өткен. Атап айтқанда, диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары Scopus дерекқорына енетін журналдарда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдарында, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда жарияланып, талқылаудан өткен.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы, ғылыми аппараты және рәсімделуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік талаптарына толық сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, Мұсахан Нүркен Парсаханұлының докторлық диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы, теориялық негізділігі және практикалық маңыздылығы жағынан жоғары деңгейде орындалған және ізденушіге 8D01503 – «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге толық негіз бар деп есептеймін.

Пікір беруші:

М. Әуезов атындағы ОҚЗУ

Физика кафедрасының меңгерушісі, PhD



Р. Абдраимов